

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	
Мемлекеттік органның атауы Наименование государственного органа "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Түркістан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Сауран ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканское государственное учреждение "Управление санитарно-эпидемиологического контроля район Сауран Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Туркестанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"	

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Санитарно-эпидемиологическое заключение

№ KZ43VWF00420849

Дата: 11.09.2025 ж. (г.)

1. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)

Томирис жеке кәсіпкерлігіне қарасты Сауран ауданы білім бөлімінің «Ж.Тәшенев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ асханасы

(2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 07 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) **Заявление от 26.08.2025 11:49:52 № KZ49RYS01323248**

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2. Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик) (заявитель) **ИП Томирис, Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі, Қосмезгіл ауылы, Ж.Шаяхметов көшесі №167, БСН: 920520401291 жеке кәсіпкері Кадрбаева Акмарал Ганикызы. Телефон номері: +7 (707) 741-40-57.**

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тиесілігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты
(полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сарапта жүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)

Мектеп асханасы, Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі, Қосмезгіл ауылы, Ж.Шаяхметов көшесі №167

сала, қайраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес)
Қоғамдық тамақтану объектілері, борттық тамақтану объектілері, көліктегі (теміржол, әуе, су және автомобиль)

4. Жобалар, материал әзірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) -

5. Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) **өтініш, зертханалық зерттеу хаттамалары, жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспорты**

6. Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) -

7. Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации (если имеются) -

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции)

Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылдық округі, Қосмезгіл ауылы, Ж.Шаяхметов көшесі №167 құрылыс мекен-жайында орналасқан Томирис жеке кәсіпкерлігіне қарасты Сауран ауданы білім



бөлімінің «Ж.Тәшенев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ асханасының жеке кәсіпкері Кадрбаева Акмарал Ганиқызы. Телефон номері: +7 (707) 741-40-57.

Ғимарат аумағы толық қоршалған. Мектептің жер учаскесіне кіру жолдары, көлікпен өту жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинағыштарға арналған алаңдарға апаратын жолдары бетондалған. Жаңбыр және еріген суды бұруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар сақталған, жиналған суды ағызып жіберетін арық, суағар қарастырылған. Мектептің аумағында мектеп қызметімен байланысы жоқ объектілер жоқ.

Тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған 2 контейнер қойылған, қоқыс жинағыштар үш жағынан 1,5м биіктікте қоршалған, тазалау және дезинфекциялау үшін қолжетімді аймақта орналасқан, астына бетон жабыны төселген.

Білім беру объектісінің ас блогы ғимараттың бірінші қабатында орналасқан. Асханадағы негізгі бөлмелер саны - 3, оның ішінде тамақтану залы - 143,0 шм, ас пісіру бөлмесі - 59,0 шм, көкөністерді сақтауға арналған қойма - 4,1 шм, жуу заттарын сақтайтын бөлме - 3,4 шм, асхана қызметкерлеріне арналған киім шешу бөлмесі мен санитариялық тораптар - 6,0 шм, білім алушыларға арналған қол жуу орны - 3,3 шм қарастырылған.

Асханада табиғи және жасанды жарықтандыру жүйесімен толық қамтамасыз етілген. Жасанды жарық жүйесі толық ақаусыз, бір үлгідегі шамдар қолданылады. Табиғи жарық жүйесі терезелер арқылы. Нысан сыртқы жарықтандырумен толық қамтамасыз етілген.

Асхананың үй-жайларында табиғи және жасанды желдету жүйесі қарастырылған. Табиғи желдету жүйесі терезелер арқылы. Ас даярлау бөлмелерінде ауаны жалпы алмастыру қондырғысы орнатылған. Ылғал (ыдыс жуу ванналары), жылу және газ бөлу көздері болып табылатын жабдықтардың үстінде жергілікті сору жүйелерінің жабдығы көзделген. Жуу заттарын сақтайтын орында, қызметкерлерге арналған себезгі бөлмесінде жергілікті сыртқы тарту қондырғысы қарастырылған.

Өндірістік үй-жайлар мен санитариялық тораптардың қабырғалары, арақабырғалары, едендері күн сайын ылғалды жинау жүргізуге мүмкіндік беретін кафельден жасалған, азық-түлік сақтайтын қоймалардың қабырғалары жууға төзімді бояумен боялған. Терезелердің тұтастығы бұзылмаған, терезелерде москит торлары қойылған. Есіктердің беті тегіс, жуып тазалауға төзімді.

Ауыз су жүйесі орталықтандырылған. Ыстық су үшін «Аристон» жылыту қыздырғышымен қамтамасыз етілген. Ауыз су және ыстық су жүйелері ақаусыз. Су бұруға арналған кәріз жүйесі жергілікті. Сарқынды суларды, оның ішінде санитариялық-ауалық құрылғының сарқынды суын қабылдауды объекті аумағының шаруашылық аймағында орналасқан, гидравликалық бекітпесі бар қақпақтармен (сифондар) жарақталған бөлек жерасты су өткізбейтін сыйымдылықтарда (шұңқырға, септикке) жүзеге асырады. Сарқынды суды ашық су айдындарына және іргелес аумаққа, сондай-ақ сусіңіргіш құдықтар құрылғысына ағызуға жол берілмеген.

Мектеп асханасы ғимараты жылу жүйесімен орталықтандырылмаған, жеке автономды жылыту қазандығы арқылы жылытылады. 2 дана Алатау 220 маркалы жылыту пеші бар, жылу қуаты әр қайсысы 350квт. Жылу жылыту радиаторлары арқылы беріледі. Жылыту жүйелерінің санитариялық-техникалық жағдайлары қанағаттанарлықты, ақаусыз.

Тамақтану залы 79 оқушыға арналған. Тамақтану залында оқушыларға жеткілікті орындықтар мен үстелдер және оқушыларға арналған ыстық және салқын су жүргізілген 4 қол жуу раковиналары мен 2 электрлі қол кептіру құралдары қарастырылған. Тамақтану залы табиғи және жасанды жарықтандыру жүйесімен толық қамтамасыз етілген. Жасанды жарық жүйесі толық ақаусыз, бір үлгідегі шамдар қолданылған. Табиғи жарық жүйесі терезелер арқылы. Залда табиғи және жасанды желдету жүйесі қарастырылған. Табиғи желдету жүйесі терезелер арқылы. Жасанды желдету үшін ауаны алмастыру қондырғысы орнатылған. Тамақтану залының жиһазы мен жабдығы балалардың бой-жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді.

Ас пісіретін бөлме 2 электрлі ас пісіру қондырғыларымен, 2 тоңазытқыш, темір стеллаждармен және жұмыс үстелімен жабдықталған. Ас даярлау бөлмесінде 1 раковина қызметкерлер үшін, 1 раковина пайдаланылған ыдыстарға арнап орналасқан, оған ыстық және салқын су жүйесі жүргізілген. Жылу және ылғал көзі болып табылатын жабдықтың үстінде ауаны сору-сыртқа тарту шатыры қарастырылған. Тоңазытқыш жабдығы термометрлермен немесе тамақ өнімдерін сақтаудың температуралық режимін автоматты бақылау және тіркеу құралдарымен жарақталған. Асханада жабдықты орналастыру және оның жұмысы технологиялық процестердің бірізділігі мен ағымдылығын, шикі және пайдалануға дайын тамақ өнімдерінің жанасу мүмкіндігін болдырмай, дезинфекциялауға арналған жабдыққа еркін қол жеткізу мүмкіндігі сақталған. Азық-түлік (тамақ) шикізатын және дайын тамақ өнімдеріне бөлінген арнайы орындарды пайдалану нысаналы мақсаты бойынша қамтамасыз етілген. Ас пісіретін бөлменің құрал-жабдықтарын жұмыс соңында залалсыздандыру үшін металл және пластиктен жасалған ыдыстар орнатылған. Ыдыс-аяқтарды қолмен жуу үшін үш секциялы ванналар орнатылған. Таза асхана ыдыс аяқтары мен аспаптары арнайы шкафтарда сақталу жағдайы қарастырылған. Ет және балық өнімдерінен жартылай фабрикат дайындау үшін 1 ет тартқыш, 1 қол жуу раковинасы, ет бөлшектеуге арналған арнайы жууға төзімді металлдан жасалған үстелдер мен тамақ өнімдеріне сәйкес таңбаланған жеке бөлшектеу мүкәммалы (бөлшектеу тақтайлары, пышақтар) қамтамасыз етуге жағдай жасалған.



Көкөністерді сақтауға арналған қойма темірден жасалған стеллаждар, тауар қойғыштар, таразымен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, азық-түлік дақылдарын сақтауға арнайы таңбаланған ыдыстар қарастырылған. Қоймаларда жасанды желдету жүйесі қондырғысы орнатылған.

Асхана қызметкерлеріне арналған тамақтану бөлмесінде 1 үстел мен 4 орындық орналасқан. Асхана қызметкерлеріне арналған киім шешу бөлмесінде арнайы жеке заттарын бөлек сақтауға арналған 1 шкаф және киім ілгіштермен қамтамасыз етілген. Асхана персоналдары үшін 1 себезгі кабинасы 1 унитаз және 1 раковина қарастырылған. Санитариялық тораптың қабырғалары жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға жол беретін 1,8м биіктікте кафельденген.

Тамақтану залындағы, санитариялық тораптардағы жуып жинауға арналған мүккамалдары үшін арнайы орын бөлінген. Жинау мүккамалдары таңбаланған.

9. Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жерасты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау аумағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған орта мен халық денсаулығына тигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты) (Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света:)

10. Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар басжоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото) «ҰСО» Түркістан қалалық бөлімшесінің 04.02.2025ж. №54 «Суды микробиологиялық зерттеу хаттамасы», 04.02.2025ж. №57/54 «Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен қамтамасыз ету жүйесінің ауыз су үлгісін зерттеу хаттамасы», 31.01.2025ж. №2025/57/742-753 «Метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы», 31.01.2025ж. №2025/56/587-595 «Жарықты өлшеу хаттамасы», 31.01.2025ж. №2025/57/178-179 «Шу, дыбыс деңгейлерінің оқшаулануын өлшеу хаттамасы» талаптарға сай.

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұқсат етіледі (разрешаются работы с ИИИ)

ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	-	-	-
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	-	-	-
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	-	-	-
IV. ИСК-мен басқа жұмыстар (другие работы с ИИИ)	-	-	-

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение

Томирис жеке кәсіпкерлігіне қарасты Сауран ауданы білім бөлімінің «Ж.Тәшенев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ асханасы

(2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың 20-бабына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы)

(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 07 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар», Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5-тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар», Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы №26 бұйрығы «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және субъектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар», Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығымен бекітілген «Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтерін бекіту туралы» санитариялық қағидалары, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы. «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығының талаптарына сай.

Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай (соответствует)

сай (соответствует)

Ұсыныстар (Предложения):

=

2020 жылғы 07 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.

На основании Кодекса Республики Казахстан от 07 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық –эпидемиологиялық бақылау комитеті Түркістан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Сауран ауданының санитариялық –эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі

ТҮРКІСТАН Қ.Ә., ТҮРКІСТАН Қ., 1 Шағын ауданы, № 50А үй

(Мемлекеттік санитариялық бас дәрігер, қолы (орынбасар)

Республиканское государственное учреждение "Управление санитарно-эпидемиологического контроля район Сауран Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Туркестанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан"

ТУРКЕСТАН Г.А., Г.ТУРКЕСТАН, Микрорайон 1, дом № 50А

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Жаңабайұлы Түймеғали

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество,подпись)



